

ИСПОЛЬЗОВАНИЕ МОБИЛЬНОГО ПРИЛОЖЕНИЯ ИС ПБ ПОЗВОЛЯЕТ ФИКСИРОВАТЬ НАРУШЕНИЯ АБСОЛЮТНО ВЕЗДЕ, ПРИ ЭТОМ ПРИКРЕПЛЯТЬ ФОТО- И ВИДЕОМАТЕРИАЛЫ. ВЫЯВЛЯЯ ОПАСНЫЕ УЧАСТКИ И ПРОЦЕССЫ, МОЖНО ПРИНИМАТЬ МЕРЫ ДЛЯ ПРЕДОТВРАЩЕНИЯ НАРУШЕНИЙ В БУДУЩЕМ, ПРИ ЭТОМ СОХРАНЯЯ САМОЕ ЦЕННОЕ – ЖИЗНЬ И ЗДОРОВЬЕ РАБОТНИКОВ.



Асхат САРИЕВ,  
эксперт ESG/HSE Корпоративного университета «Самрук-Қазына»



№65 (2780)  
19/08/2022

# ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

РЕСПУБЛИКАНСКАЯ ТРАНСПОРТНО-ЛОГИСТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА  
ИЗДАЕТСЯ С 12 МАЯ 1931 ГОДА

## ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИК КАЗАХСТАНА

## ВЗАИМОВЫГОДНЫЙ ИНТЕРЕС

**Казахстан и Сингапур намерены расширить экономические связи между странами.**

**Руслан РАХМЕТОВ,**  
Нур-Султан

Влияние последствий пандемии на мировую экономику, включая регулярные перебои с глобальными поставками и обеспечением продукцией, открыло новые перспективы для экономического сотрудничества между Казахстаном и Сингапуром с учетом поиска новых возможностей, рынков сбыта и экспортных маршрутов.

В этой связи заместитель премьер-министра – министр иностранных дел Мухтар Тлеуберди в рамках двухдневного визита провел ряд плодотворных встреч с руководителями крупных компаний Сингапура.

В составе делегации также были министр индустрии и инфраструктурного развития Каирбек Ускенбаев, председатель правления АО «НК «Қазақстан темір жолы» Нурлан Сауранбаев, управляющий Между-



народным финансовым центром «Астана» Кайрат Келимбетов и председатель правления АО «НК «Kazakh Invest» Мейржан Юсупов.

В ходе переговоров был обсужден широкий круг вопросов, касающихся продвижения экономического сотрудничества между странами, а также реализации потенциальных проектов.

В частности, АО «НК «Қазақстан

темір жолы» заключило меморандум о сотрудничестве с компанией PSA (Port of Singapore Authority), являющейся одним из крупнейших глобальных операторов в области транспортных перевозок.

Привлечение PSA International к управлению транспортно-логистическими узлами в Казахстане призвано способствовать расширению доступа к целой сети морских портов

по обеим сторонам континента, интеграции в глобальную транспортно-логистическую цепочку с использованием мультимодальной транспортировки и внедрением инновационных технологий и лучших мировых практик в области управления сухими портами, а главное, существенно упростить экспорт продукции из Казахстана на мировые рынки.

## ШЫҒЫС ҚЫТАЙДАН ПОЙЫЗ ШЫҚТЫ

Шығыс Қытайдан Қазақстан аумағы арқылы Өзбекстанға өтетін жаңа теміржол бағдары ашылды. Жүк тасымалына арналған жаңа бағдар Қытайдың Цзянсу провинциясынан өткен демалыста алғашқы сапарын бастады.



Бұл туралы қытайдың «Уси жибао» басшылығы жариялады. Межелі нүктесі Өзбекстан болып табылатын пойызда жалпы құны 4,4 млн доллар тұратын 1 мың тоннадан астам тауар, соның ішінде тұрмыстық техника, автомобильдер болған. Бұл аралықтағы пойыздың жолда жүру уақыты – 20 күндей. Жүк пойызы Цзянсу провинциясындағы Ляньюньган теңіз порты арқылы өткізіледі. Еске сала кетсек, 2014 жылдан бері Ляньюньган портында қазақстандық логистикалық терминал жұмыс істейді. Порт Сары теңіз жағасында орналасқан.

Цзянсу провинциясының сыртқы сауда кәсіпорындары қауымдастығының төрағасы Хуан Хунлиньның айтуынша, аталған жаңа бағдарға Ляньюньган портынан Орталық Азияға дейінгі логистикалық жүк тасымалының барлық артықшылықтары пайдаланылады. Бір айта кетерлігі, аталған провинцияның орталығы Уси қаласы Янцзы өзенінің экономикалық белдеуіндегі негізгі орталықтардың бірі саналады. Өткен жылдың нәтижесі бойынша Уси қаласының тауар айналымы 100 млрд доллардан асып кеткен, оның ішінде 65 млрд доллары – экспорттың, қалған 40 млрд доллары импорттық тауарлар үлесіне тиесілі.

Ұлан ОРАЗ

## ЦИФРЫ ГОВОРЯТ:

В ПЕРВОМ ПОЛУГОДИИ 2022 ГОДА ЧЕРЕЗ ПОРТ КУРЫК ПЕРЕВАЛЕНО БОЛЕЕ

**927** тонн  
ГРУЗОВ

В РАМКАХ БЛАГОТВОРИТЕЛЬНОЙ АКЦИИ «СОБЕРЕМ ДЕТЕЙ В ШКОЛУ»

**1 650**

МНОГОДЕТНЫХ СЕМЕЙ РАБОТНИКОВ АО «НК «ҚТЖ» ПОЛУЧАТ НЕОБХОДИМЫЕ НАБОРЫ ШКОЛЬНЫХ ПРИНАДЛЕЖНОСТЕЙ

МАШИНИСТЫ ПОЕЗДОВ ЗА ПЕРИОД С ЯНВАРЯ ПО ИЮЛЬ ТЕКУЩЕГО ГОДА ПРИМЕНИЛИ

**118**

ЭКСТРЕННЫХ ТОРМОЖЕНИЙ ДЛЯ ПРЕДОТВРАЩЕНИЯ ТРАГЕДИЙ НА ЖЕЛЕЗНОЙ ДОРОГЕ

## Кездесу

### СЕНАТОРЛАР ҚҰРЫҚҚА КЕЛДІ

**Құрық портындағы кемелерге қызмет көрсету базасымен танысқан халық қалаулылары оның жұмысына оң баға берді.**

**Нұрай СӘРСЕНҒАЛИ,**  
Маңғыстау

ҚР Парламенті Сенатының депутаттары Серікбай Тұрғамов пен Бақтыбай Шелепов Құрық портына барып, ондағы жұмыс барысымен танысты. Халық қалаулылары алдымен аудан әкімдігінде өткен жиынға қатысып, «Құрық – Жетібай» бағытында салынып жатқан республикалық маңызы бар жолдың құрылысын талқылады.

«Құрық порты» ЖШС-нің басшысы Серік Ахметов қадірлі қонақтарды қарсы алып, порт айлағы мен оның аумағында салынып жатқан астық терминалының, кемелерге қызмет көрсету базасының жұмысымен таныстырды, сондай-ақ, алдағы күтілетін нәтижелер туралы айтып берді. Өз кезегінде сенаторлар порт жұмысына оң баға беріп, жұмыстарды сапалы жүргізу және уақытылы аяқтауға қатысты ұсыныс-пікірлерін жеткізді.

Еске сала кетсек, бұлтыр «ҚТЖ» ҰК» АҚ «Құрық порты» ЖШС және «Kaspi Grain Way» ЖШС арасында Құрық портында терминал салу



бойынша ынтымақтастық туралы келісімге қол қойылған. Бұл – Құрық портын дамыту аясындағы «ҚТЖ» ҰК» АҚ жүзеге асырып жатқан жаңа жоба. 2022 жылы бір мезгілде 25 000 тонна дөңді дақылдарды сақтайтын, қуаты жылына 1 млн тонналық терминалды іске қосу жоспарлануда. Терминал Қазақстан – Иран/Кавказ елдері бағыты бойынша және одан әрі үшінші елдерге астық экспорттың болжамды көлемін ұлғайтуды қамтамасыз етеді. Қол қойылған келісім көлік маршруттың бәсекеге қабілеттілігін көтеруге, жүк ағындарын ұлғайтуға, экспорттық әлеуетті арттыруға және Құрық порты арқылы жүк тасымалдау процесін жетілдіруге ықпал етеді.

Құрық порты Транскаспий халықаралық көлік бағдары негізгі нысандарының бірі болып табылады. Порт арқылы Баку, Махачкала, Амирабад, Анзали сияқты серіктес порттармен тығыз байланыс орнатылған. Бұл қазақстандық жүк жөнелтушілер мен тасымалдаушыларды қолдауда аса маңызды. Порт автомобильдер мен теміржол паромдарын жыл бойы қабілдей алады, бір мезгілде 4 паромға қызмет көрсетеді. Теміржол айлағының өткізу қабілеті жылына 4,1 млн тоннаны құрайды. Паромдарға 54 вагон сыяды. Құрық порты арқылы мұнай және химиялық өнімдер, металл, халық тұтынатын тауарлар, т.б. ауыстырып тиеледі.



**Амангелді БЕРЖАНОВ,**  
Атырау магистральдық желі бөлімшесінің бөлім бастығы:

АТЫРАУ МАГИСТРАЛЬДЫҚ ЖЕЛІ БӨЛІМШЕСІНДЕ БИЫЛҒЫ АЛҒАШҚЫ ЖАРТЫЖЫЛДЫҚТА ПОЙЫЗДАР ҚОЗҒАЛЫСЫНЫҢ ҚАУІПСІЗДІГІ ТОЛЫҚ САҚТАЛЫП, АПАТТЫ ЖАҒДАЙ, БАСҚА ДА КЕЛЕҢСІЗДІКТЕР ТІРКЕЛМЕДІ. ОСЫ АРАЛЫҚТА ЕҢБЕК ҚАУІПСІЗДІГІН САҚТАУ БОЙЫНША 898 ТЕХНИКАЛЫҚ САБАҚ ӨТКІЗІЛДІ. НӘТИЖЕСІНДЕ, ҚОЗҒАЛЫС ҚАУІПСІЗДІГІН САҚТАУДА ҚИЫНДЫҚ-КЕДЕРГІЛЕР БОЛМАҒАН, ОЛ ӘРИНЕ ӨТКЕН САБАҚТАРДЫҢ САПАСЫНА ДА БАЙЛАНЫСТЫ

## СИСТЕМНЫЙ ПОДХОД

**Круглый стол, посвященный вопросам противодействия коррупции, прошел в Атырауском региональном филиале АО «Кедентранссервис».**

В мероприятии приняли участие сотрудники филиала и представители Антикоррупционной службы региона. Директор Атырауского регионального филиала АО «Кедентранссервис» Жолмырза Рсалиев отметил, что в коллективе уделяется особое внимание формированию антикоррупционной культуры и привитию нулевой терпимости к таким правонарушениям.

– В филиале ведется системная работа по разъяснению положений Закона «О противодействии коррупции». В АО «Кедентранссервис» функционируют единые каналы конфиденциального информирования для работников и третьих лиц, которые могут обратиться при необходимости. Во всех зонах фронт-офиса размещены контакты единой горячей линии, – сообщил Жолмырза Рсалиев.

В свою очередь руководитель управления превенции департамента Агентства по противодействию коррупции по Атырауской области Жумабек Каражанов выступил с разъяснением основных положений и требований Концепции антикоррупционной политики на 2022-2026 годы. Он также подробно рассказал о направлении деятельности комплаенс-служб в субъектах квазигосударственного сектора, ознакомил участников круглого стола со статистикой зарегистрированных Антикоррупционной службой по Атырауской области фактов коррупции за год.

Любовь РОББА

## РАБОТА ПО ПЛАНУ



**За семь месяцев 2022 года по Акмолинскому отделению ГП с хлебоприемных предприятий отгружено 2 467 784 тонны зерновых культур. В том числе на экспорт отправлено 1 971 466 тонн, или 79,8%.**

**Айлин БАУРЖАН,**  
Кокшетау

Перевозка продуктов перемола составляет 223 тысячи 551 тонну, что на 44% больше показателя прошлого года. На экспорт отправлено 139 тысяч 230 тонн, или 62,3%.

Для выполнения поставленных задач и ускорения срока доставки грузов и вагонооборота грузоотправителям предложено совместно с собственниками подвижного состава АО «Астық Транс»

использовать маршрутную отправку от станции отправления до станции назначения сквозными грузовых поездов с минимальными остановками как на внутриреспубликанском сообщении, так и за пределами Казахстана.

С начала текущего года по Акмолинскому отделению ГП сформировано и отправлено 88 грузенных составов, из них 74 – в экспортном сообщении и 14 – по территории страны.

Вопрос отгрузки находится на особом контроле, работа сложная. В период массовой отгрузки

организовано равномерное распределение объемов по дням декады, согласно суточной перерабатывающей способности станции и технологическо-погрузочной механизации элеваторов и хлебоприемных-предприятий (ХПП).

На сегодняшний день по Акмолинскому отделению ГП действуют 132 хлебоприемных предприятия (31 элеватор, 19 ХПП, 82 мини-элеватора). Для сбора и хранения нового урожая идет подготовка ХПП по фумигации и дегазации элеваторов. К слову, ожидается, что валовой сбор нового урожая по сравнению с прошлым годом увеличится на 60-70%. По словам экспертов, на это повлияли погодные условия.

Только благодаря совместным усилиям и договоренности всех предприятий будет достигнута поставленная перед железнодорожниками региона задача по реализации зерна и продуктов его перемола.



**Қызылорда магистральдық желі бөлімшесі кәсіподақ ұйымының төрайымы Ажар Ерманова – қоғамдық жұмысқа төселген шебер ұйымдастырушы ретінде танымал жан. Сондықтан болар, кәсіподақ ұйымдастырған кез келген іс-шара жоғары деңгейде өтеді. Аймақ теміржолшыларының ыстық ықыласына бөленген кәсіподақ жетекшісімен бастауыш ұйымның жұмысы жөнінде сұхбаттасқан едік.**



## КӘСІПОДАҚ – ТЕМІРЖОЛШЫЛАР МҮДДЕСІН ҚОРҒАЙДЫ

– Ажар Тілеуқызы, ең алдымен биыл аталып отырған Сала кәсіподағының 30 жылдық мерейтойы құтты болсын дейміз! Бастауыш ұйымның мақсаты мен міндеттері туралы айтып берсеңіз?



– Бастауыш кәсіподақ ұйымы – кәсіподақ мүшелерінен тұратын қоғамдық ұйым. Жұмыскер кәсіподақ құрамына кіруге ерікті түрде ниет білдіреді. Ал мекемелерде құрылған бастауыш кәсіподақ ұйымының негізгі мақсаты осы кәсіподақ мүшелерінің мүддесіне жұмыс істеу болмақ. Бізде ол – теміржолшылар.

Яғни, біздің бастауыш ұйымның міндеті жұмыс беруші мен жұмысшының арасындағы дөңкер ретінде теміржолшылардың еңбек құқығының сақталуы мен әлеуметтік тұрғыда қорғалуын қамтамасыз етуге атсалысу.

Бұл жерде кәсіподақ ұйымына мүше әр азаматтың тек өздері ғана емес, олардың отбасы мүшелерінің әлеуметтік ахуалы мен денсаулығы, мұқтаждығы, т.б көптеген мәселелер қамтылуы тиіс. Ол үшін «ҚТЖ» ұлттық компаниясы мен оның еңбек ұжымы арасындағы ұжымдық шарт бар. Еңбек ұжымының, яғни теміржолшылар мүддесін қорғайтын Сала кәсіподағы. Міне, біздің негізгі сүйенетініміз де осы құжат. Онда теміржолшылардың еңбек ету және демалу құқығы, балалар демалысын ұйымдастыру, қандай жағдайда олар бір реттік көмек алуға құқылы, жеңілдіктер, тағысын тағы әлеуметтік кепілдіктер осы құжат арқылы заңдық тұрғыда бекітілген деуге болады. Яғни, Ұжымдық шарт – теміржолшылар құқығының кепілі. Теміржолшылардың әлеуметтік мүддесін қамтитын құжат.

– Нақты мысалдар келтіріп өтсеңіз, мысалы, биыл аймақ теміржолшылары қандай игіліктерге қол жеткізді?

– Жұмысшылар мен олардың жанұяларының жағдайын және зейнеткерлерді де толық қамтитын ұжымдық шартқа көрсетілген қолдау-көмектің бәрін теміржолшылар алып отыр. Одан бөлек, кәсіподақ ұйымының жеке қаражаты, яғни мүшелер жарнасы есебінен атқарылған жұмыстар өте көп. Былтыр барлығы 78 адамға түрлі жағдайға байланысты қайырымдылық көмек көрсетілген. 31 зейнеткерге Қарттар күні мен теміржолшылар мерекесіне орай көмек берілді. Биыл да 15 зейнеткер тиісті көмегін алды. 21 адамның отбасы жағдайына байланысты көмек сұраған өтініштері қанағаттандырылды. Ұжымдық шартқа сәйкес еңбек демалысына шыққандар сауықтыру орындарына екі жылда бір рет жолдама ала алады немесе оның құны төленеді. Одан бөлек, кәсіподақтың өз қаражаты есебінен өтіп жатқан түрлі қайырымдылық акцияларына қаржылай көмек көрсетеміз. Тек биылғы жазда 84 баланың демалысы ұйымдастырылды, олар еліміздің түрлі лагерлерінде жаз қызығын өткізді.

– Биыл Сала кәсіподағының 30 жылдығы мен ҚТЖ-ның 25 жылдығына орай өткізіп жатқан іс-шаралар туралы не айтар едіңіз?

– Биыл екі бірдей датаның қатар келуі біздің жұмысымызды ширата түскені анық. Жыл басында Орталық Сала кәсіподағының нұсқауымен атқарылатын іс-шаралар жоспарын жасадық. Мысалы, дәл биылғы жылдай теміржолшылар арасында кең ауқымда спорттық шаралар көптен өткізілген жоқ. 30 жылдыққа орай Қызылордада, Қазалыда футбол турнирі ұйымдастырылды. Волейбол, шахмат туры өтті. Қызметкерлер арасында өз өнерін дәріптеу, яғни өнерлі теміржолшыларды насихаттау үшін бірнеше сайыс өткізілді. Балалардың жергілікті музейге саяхаты мен олардың шығармашылығын дамыту бойынша сурет сайысы өтті. Алдағы уақытта балалар арасында түрлі деңгейдегі жарыстар, саяхат-серуені ұйымдастырылады. Осының бәріне кәсіподақ қаражаты есебінен қомақты қаржы бөлініп отыр.

– Рахмет, еңбектеріңіз дәйім жемісті болсын! **Сабырхан СЕЙІЛБЕКҰЛЫ,** Қызылорда *Суретті түсірген автор*

## САРЫАҒАШ – АЙРЫҚША МӘРТЕБЕГЕ ИЕ



**Ұлан ОРАЗ,** Түркістан

Тәжірибелі теміржолшы шекаралық станцияда жұмыс істеудің өзіндік ерекшелігімен бөлісті. Қазіргі таңда Өзбекстанға Қазақстаннан кететін пойыздарды қабылдайтын ауысым жетекшісінің қарамағында 6 жүк қабылдап-жөнелтуші бар.

– Күніне 8-15 пойызды қабылдаймыз. Вагондар тоқтап, электр жүйесі толық өшірілгеннен кейін тексеруге кірісеміз, пломбасы қалай, ақаулықтары, тесіктері, жырылған-сырылған жері жоқ па, мұқият қарап шығамыз. Қандай да бір кемшілік табылып жатса, актпен тіркеп тапсырамыз. Өзбекстаннан көбіне мақта, тыңайтқыштар келсе, Қазақстаннан ол жаққа бидай, Ресейден ағаштар жиі өтеді. Екі ел арасындағы транзиттік жұмыс көлемі жылдан-жылға ұлғайып келеді. Соған орай жұмыс көлемі де артып, станция ауқымы кеңейіп жатыр. Бұл – теміржолшылар үшін жақсы

нышан. Түйісу бекеті болған соң жұмыс өзге станцияларға қарағанда күрделі, себебі көрші елдің теміржолшыларымен қоян-қолтық жұмыс істеу қажет. Жай ғана жұмыс істемей, барынша жауапты, арнайы нұсқаулықтан ауытқымай, регламентті сақтап жұмыс істеу қажет. Шекаралық станция болған соң осындай қарым-қатынас қағидатын сақтамай болмайды, – дейді тәжірибелі теміржолшы.

Келесі жылы зейнетке шығатын Нышанбай Серікбаев Шеңгелді станциясында теміржолшы отбасында дүниеге келген екен. Әкесі Өрісбай өмір бойы тепловоз машинисінің көмекшісі болған. Сондықтан болар, ұш ұлы да алысқа ұзамай әке кәсібін жалғаған. Кейіпкеріміз алғашында коммерциялық ақауларды жөндеуші болып тәжірибе жинайды, кейіннен пойыз қабылдаушы болады. 1982 жылдан бастап аға пойыз қабылдаушы. Түйісу станциясы мәртебесі Шеңгелдіден Сарыағашқа ауысқан соң 2005



жылы Нышанбай Өрісбайұлы да басшылықтың қалауымен курортты аймақтағы ерекше мәртебеге ие болған станцияға ауысып, еңбек жолын жалғастырады.

Салада жоғары немесе арнаулы орта білімі болмаса да, сан жылдық тәжірибесі оны абырой биігіне көтерді. Адал

еңбегі үшін ҚР Президентінің Құрмет грамотасына ие болды. Ал биыл «Құрметті теміржолшы» белгісін Компания басшысының өз қолынан алды.

Бүгінде бес баласының екеуі – теміржолшы. Бірі әскерилендірілген күзетте, екіншісі машинист болып еңбек етеді.

*Суретті түсірген автор*

## ЖЕРГІЛІКТІ ЖҮК КӨЛЕМІ АРТҚАН



**Шахида ЖҰМАН,** Маңғыстау

Тарқатып айтсақ, жыл басынан тамызға дейінгі жүк айналымы 4 млн 229 мың тоннаға жетті. Ал жоспар 3 млн 761 мың тонна болатын. Тиелген жүктердің салмағы да басым. Ол өткен жылғы салыстырмалы кезеңнен 107,7 пайызға артқан. Оған себеп жергілікті жерден тиелетін жүк көлемі көбейген. Мәселен, бір ғана Шетпе станциясынан айына 40 мың тонна қиыршық тас жүктеледі. Бұл жергілікті құрылыс материалы қазір Атыраудағы жол құрылысына тасымалдануда. Бейнеуден шығатын ұлутастың да тасымалы қызып тұр. Еліміздің түкпір-түкпіріндегі құрылыс үшін станциядан күніне 60-70 ашық вагон тас тиеліп жөнелтіледі. «ҚазАзотты» селитрасы да тәулігіне 20-30 вагоннан, айына 30 мың тонна жөнелтілуде. «Каспий битум» зауытының өнімі отандық



нарықта құлашын кең сермеген сайын теміржол тасымалына сұраныс та арта түсуде. Қазірдің өзінде күн сайын 40-50 цистерна битум тиеліп жөнелтіледі.

Жөнелтілген жүктерге қалай қызмет көрсетілсе, түбегке жеткізіліп жатқан жүктер де солай қабылдануда. Жүк түсіру жоспарын орындау көрсеткіші 118,9 пайызды құраған.

– Қазір бізде контейнерлік тасымал қарқыны жоғары. Бұл бағытқа сұраныс соңғы кезде бірден өсті. Алтынкөл, Достық

бағытынан Ақтау портына келіп, одан әрі су жолымен Алят арқылы Еуропаға шығуда. Өткен жылы жеті айда 41 кемемен 9179 контейнер кеткен еді. Биыл 83 кеме жібердік. Онымен 13 413 контейнер жөнелтілді. Бұл тек ТХКБ көлік бағдары бойынша. Одан басқа фидерлік кемемен тағы 15 мың контейнер шетел асты. ТХКБ ғана емес, жүк вагонмен кемеге тиеліп кетіп жатқан Құрық порты бағытының да көрсеткішінде өсім бар. Өткен жылдың жеті айында 185

пароммен 260 мың тонна жүк өтсе, биыл 343 кемемен 1 млн 110 мың тонна жүк жібердік.

Ал бидай тасымалына келсек, бидайды сыртқа шығаруға санкция болғанға дейін Солтүстік теңіз терминалы және Ақбидайдан ауыстырып тиеу көрсеткіші жоғары болатын. Дегенмен қазір бізде басқа бағыттар жанданды. Өңірде екі порттың болуы – өзге аймақтарға қарағанда біздің артықшылығымыз. Соның нәтижесінде жұмыс көбейіп, қысқарып кету қаупі бар кейбір қызметкерлер өз жұктемесіне сай еңбек етуде, – дейді Маңғыстау қосалқы бөлімінің басшысы Нәжімеден Ғұбашов.

Маңғыстау теміржолында жүк тасымалының жоғары деңгейге жетуі компания бюджетіне қомақты қаражат құйып қана қоймай, жұмыс көлемінің артуы логистика бөлімін Ақтөбеге көшіру мәселесін уақытша болса да шешкен...

*Суретті түсірген автор*

## ҚАТТЫ ОТЫН ТАСЫМАЛЫ ҚАРҚЫН АЛДЫ

**Әлеуметтік жүк саналатын көмір мен астық тасымалының жанданатын кезі – күз айы. Оның негізгі тасымалдаушысы – теміржол компаниясы. Соңғы жылдары ҚТЖ көмір тасымалын ұйымдастыруда бірқатар тиімді өзгерістерге қол жеткізіп отыр.**

**Ардақ ЕРУБАЕВА,** Ақтөбе

Көмір тасымалдайтын жылжымалы құрам тапшылығын болдырмау және күз айларындағы жаппай тасымалдау кезінде орын алатын дүрбелеңді жою үшін қатты отын жеткізуді жыл он екі ай тоқтаусыз жүргізу оң шешімін беруде.

«ҚТЖ-Жүк тасымалы» Батыс аймақтық филиалында қысқа дайындық жазда, ал жылыту маусымын қажетті көмірмен қамтамасыз ету сәуір айында басталған. Соңғы жеті айда 7085 тонна болатын 104 вагон тұрмыстық көмір және 16 мың тоннадан аса 241 вагон коммуналдық көмір түсірілді. Жүк тасымалы бөлімшесі станцияларға

көмірдің уақытылы жеткізілуін жіті қадағалап отыр. Қатты отынның белгіленген жерге жеткізіліп, уақытында түсіріліп, вагондар кідірісі орын алмауы бақылауда тұр.

«Биыл жылыту маусымында қатты отын тапшылығы болмауға тиіс. Көмірді жеткізу тұрақты тәуліктік бақылауға алынған. Тасымалдау процесі, жүк жөнелтушілердің өтінімдерін дер кезінде қамту, вагондардан отынды уақытылы түсіріп, оларды кері қайтару, вагон айналымын кестеге сай жүзеге асыру жұмыстары талапқа сай ұйымдастырылған», – дейді логистика бөлімінің маманы Балмырза Абайұлы.

Айтуынша, өткен жылы Батыс аймағына 339 вагон болатын 23 мың тоннадан аса тұрмыстық көмір жеткізілген және коммуналдық көмір 336 вагонды құрап, 26 мың

тоннадан асқан. Биыл жаз енді аяқталып жатқанын ескерсек, көмір тасымалы алдағы күндері бүгінгіден де қарқын ала түсерін болжауға болады.

Батыс өңіріне қатты отын Солтүстік Қазақстаннан жеткізіледі, Дегелең және Қызылжар станцияларынан келеді. Оны Жіңішке, Ақтөбе, Мәртөк, Шалқар, Әйтеке би станциялары алып отыр.

Жүк тасымалы бөлімшесінде тұтынушылармен байланыс жұмыстары да жолға қойылған. Тауар диттеген жеріне жеткізілгеннен кейін станциялармен арадағы келісімшарттар қаралады. Мұның барлығы теміржол көлігін таңдаған тұтынушылар жүктерін тасымалдау кезінде кедергінің болмауы үшін қажет.

*Суретті түсірген автор*





## Интервью

### В ЕДИНОМ ТЕХНОЛОГИЧЕСКОМ ПРОЦЕССЕ

**Эффективность в вопросах обеспечения безопасности движения проверяется не устранением последствий случившегося брака, а профилактическими мерами. Именно дисциплина и профилактика – основные критерии работы в системе железнодорожного транспорта. Как работают представители ревизорского аппарата, что такое «книга ревизорских указаний» – об этом и многом другом рассказывает главный ревизор по безопасности Алматинского региона Мейрамбек Серикбаев.**

**Елена КОЛДАСБАЕВА,**  
Алматы

– Мейрамбек Умирбекович, железную дорогу считают самым безопасным видом транспорта. Именно сотрудники ревизорского аппарата следят за тем, как соблюдаются требования безопасности при перевозках.

– Безопасность движения на любом виде транспорта – приоритетная задача. На железной дороге десятилетиями создавались такие условия для работы ревизоров, чтобы все их указания были законом и исполнялись непрекосовенно. И такой жесткий подход работает.

– Работа ревизора требует большого объема знаний, ведь для проведения проверки нужно досконально знать все технологии...

– Конечно! Но это не значит, что ревизор при проверке всматривается в работу каждого болтика-винтика. Его обязанность – проверить, как работает система, обеспечивающая безопасность движения в целом. На железной дороге ревизорские осмотры – это неотъемлемая часть перевозочного процесса. Ведь мы делаем общее дело, и каждый из нас на своем рабочем месте отвечает за безопасность движения и жизни людей. И если ревизор находит какую-то недоработку, это расценивается как помощь, как возможность устранить неисправность до того, как наступили какие-то



серьезные последствия. Мы не только указываем на ошибки, но и отмечаем тех, кто работает хорошо, не допуская системных сбоев. Почему в таком случае специалистам не сказать: «Молодцы! Хорошая работа!»

тальным исходом и три случая с получением травм различной степени тяжести. С начала года машинистами применено 123 экстренных торможения, что на 93 случая меньше, чем за аналогичный период прошлого года. И хотя количество экстренных торможений снизилось, расслабляться еще нет повода. С целью предупреждения нарушений ревизорами безопасности движения участка по отраслям проводятся проверки соблюдения требований технологических процессов производства работ, правил ведения поезда, содержания и эксплуатации устройств инфраструктуры, технических средств и подвижного состава. Более того, проведено 527

прямую зависит положение с обеспечением безопасности движения поездов в регионе. И, конечно же, важен контроль за исполнением разработанных мероприятий. Еще играет роль низкий уровень технических знаний работников. Руководители не делают анализа повторяемости нарушений, хотя каждое нарушение безопасности происходит неслучайно.

– Как со временем меняются требования к безопасности?

– С каждым годом они становятся все жестче. Это связано с тем, что меняются технологии, развивается высокоскоростное движение. Все это требует больших знаний и скрупулезности в нашей работе. Мы все шире используем современные средства контроля за безопасностью движения.

– А встречали ли Вы в своей практике безупречно чистую работу? Есть службы, где нарушений нет совсем?

– Записи в книге ревизоров в любой службе появляются регулярно, но их количество и степень серьезности могут быть разными. И всем специалистам есть к чему стремиться. Безопасность движения – задача, не теряющая актуальности и без анализа прошлых ошибок, мы не сумеем избежать их в будущем. Более того, проблемы могут возникнуть неожиданно, это нужно помнить. Без корректирующих и предупреждающих действий невозможно переломить ситуацию.

Фото автора

**С НАЧАЛА ГОДА МАШИНИСТАМИ ПРИМЕНЕНО 123 ЭКСТРЕННЫХ ТОРМОЖЕНИЯ, ЧТО НА 93 СЛУЧАЯ МЕНЬШЕ, ЧЕМ ЗА АНАЛОГИЧНЫЙ ПЕРИОД ПРОШЛОГО ГОДА. И ХОТЯ КОЛИЧЕСТВО ЭКСТРЕННЫХ ТОРМОЖЕНИЙ СНИЗИЛОСЬ, РАССЛАБЛЯТЬСЯ ЕЩЕ НЕТ ПОВОДА.**

– Как предприятия и структурные подразделения отработали первое полугодие и на что нужно обратить внимание?

– Участниками перевозочного процесса с начала года допущено 419 нарушений безопасности движения против 450 к аналогичному периоду 2021 года. По Алматинскому участку зарегистрировано 9 случаев наезда на людей на железнодорожных путях (в 2021 году – четыре), в том числе шесть случаев с ле-

проверок, в том числе внезапных – 159, выявлено 890 замечаний, целевых – 337, ночных – 31. Необходимо не только делать анализ, но и находить причины произошедшего, вытекающие обстоятельства того или иного происшествия. Порой одно нарушение несет за собой целый шлейф недочетов и погрешностей. Командирам среднего звена придается особое значение, ведь от работников категорий смежных служб на-

## НЕ СПЕШИ НА ПЕРЕЕЗДЕ



**В границах обслуживания Костанайского отделения магистральной сети проводится месячник «Внимание – переезд».**

**Аслан КУДАБАЕВ,**  
Костанай

С 25 июля по 25 августа костанайские железнодорожники проводят профилактическое мероприятие «Внимание – переезд», чтобы еще раз напомнить автомобилистам о необходимости неукоснительно соблюдать правила при пересечении путей.

В ходе месячника на дистанциях пути ПЧ-21 Кушмурун, ПЧ-22 Аркалык, ПЧ-34 Тобол, ПЧ-35 Костанай проводятся проверки исправности автоматики, сигнализации, телефонизации, освещения, радиосвязи, наличия на переездах всех дорожных путевых знаков, технического состояния проезжей части переездов и автомобильных дорог на подъездах к ним. Также направлены служебные письма в департаменты дорожной полиции Акмолинской, Карагандинской, Актюбинской и Костанайской областей с просьбой увеличить количество

рейдов на переездах, где были допущены ДТП.

В частности, как сообщил ведущий инженер отдела пути костанайского отделения магистральной сети Жалгас Абдрахманов, в ходе данной работы, в Костанайском регионе ознакомлены с правилами безопасности на переезде более пяти тысяч водителей. Проведены профилактическая работа и беседы на двух десятках предприятий в присутствии более 500 человек. Помимо этого, на переездах вывешено более 30 предупреждающих плакатов с слозунгами. Кроме этого, работники отделения магистральной сети совместно с линейной полицией провели порядка 200 рейдов на переездах.

– Основной причиной совершения ДТП с участием автотранспортных средств и поездов является несоблюдение правил дорожного движения водителями автомобилей, – говорит Жалгас Абдрахманов. – И,


как правило, такие ситуации возникают на железнодорожных переездах при игнорировании водителями требований знака «Движение без остановки запрещено», а также соответствующих световых и звуковых сигналов светофора.

Не менее опасны для безопасности движения не только автомобили, но и посторонние люди на путях. На станциях и в школах, с целью предупредить людей о правилах безопасности при пересечении железнодорожных путей, проведено порядка 150 собраний, на которых присутствовали более пяти тысяч человек. Совместно с сотрудниками ЛОВД проведено более 30 рейдов вдоль путей, в ходе которых было наложено три административных штрафа. В дополнение в местные акиматы было направлено более 170 писем.

Фото Александра ЖАБЧУКА



## ЗА БЕРЕЖЛИВОЕ ПРОИЗВОДСТВО



**В Карагандинском отделении магистральной сети при содействии первичной организации профсоюза Карагандинского отделения магистральной сети состоялся семинар по обучению профсоюзных активистов на тему «Бережливые процессы и командное взаимодействие».**

**Светлана МОГАЙ,**  
Караганда

По словам Гульмиры Мукановой – тренера, выпускницы программы Japan International Cooperation Agency, сегодня в эпоху нестабильности, хрупкости и постоянных изменений, что, в свою очередь, создает регулярный стресс и усталость у сотрудников, необходимо сопротивление – естественная реакция на изме-

нения, свойственные человеку в период стабильности. Однако изменения могут стать дорогами и долгами, в связи с чем необходимо минимизировать их издержки.

На семинаре спикером поднимались вопросы, связанные с поведением клиента в эпоху потребителя, повышением эффективности предприятия, ценообразованием в разных типах менеджмента и другое.

Гульмирой Мукановой дано четкое определение бережливого производства. С ее слов, это производство без потерь, малозатратное, рачительное, синхронизированное, стройное.

– Вышеназванное определение дано согласно японской философии непрерывного улучшения, стремления к совершенству всех аспектов бизнеса, повышения эффективности без значительных капитальных вложений

путем тщательного и последовательного исключения потерь, – сказала она.

На практической части семинара проводилась командная работа по стандартизации и визуализации рабочих операций, по вызовам в условиях постоянных изменений, применению системы 5С в жизни и работе.

По итогам семинара участники получили знания касательно




стилей работы на разных этапах жизненного цикла с простыми и не затратными методами улучшения рабочих мест, экономии времени и энергии, алгоритмов выработки и принятия командного решения в кросс-функциях, улучшающих коммуникации и принятие изменений. Работники Карагандинского отделения магистральной сети также освоили

суть бережливого мышления и оптимизации непроизводительных потерь в процессах работы и выработке способов их минимизации в рамках своих полномочий, получили знания о потоках создания ценностей для потребителей и понимании важности кросс-функционального взаимодействия.

Фото автора

## УВЕРЕННЫЙ РОСТ

**Алуа ТЛЕУБАЙ,**  
Нур-Султан



**Железнодорожные перевозки угля по республике выросли на 26%. Так, свыше 62 миллионов тонн каменного угля погружено по сети АО «НК «КТЖ» по итогам семи месяцев нынешнего года.**

По словам специалистов, данный показатель вырос на 4,6% к аналогичному периоду прошлого года. Перевозка угля по железной дороге по республике увеличилась на 1,5% и составила 42,4 миллиона тонн. В том числе в адрес ТЭЦ погружено 37,1 миллиона тонн, для населения – 5,2 миллиона тонн, что на 26,5% выше уровня 2021 года.

Экспорт твердого топлива также вырос на 12,2%, до 19,7 миллиона тонн. Традиционно поставки казахстанского угля ориентированы на Россию, страны Центральной Азии и Европы. Основным потребителем казахстанского угля является Россия, на ее долю приходится 65% от всего экспорта. В Европу отправляется 29% экспорта, еще 6% – в Узбекистан и Кыргызстан.

Также традиционно в преддверии отопительного сезона в АО «НК «КТЖ» функционируют оперативный штаб по перевозке угля, в отделениях дорог – региональные мониторинговые группы. Заседания штаба проводятся на ежесуточной основе с участием грузоотправителей и грузополучателей, где оперативно решаются все возникающие вопросы.

Штаб ведет контроль над обеспечением заявок угольных разрезов, выполнением оборота и сокращением простоев вагонов под грузовыми операциями.

## ПОВЫШАЯ ПРАВОВУЮ КУЛЬТУРУ

**Анна ПАНИЦЕВА,**  
Уральск



**На станции Уральск проводится широкомасштабная акция «Безопасность на транспорте». Цель – повышение правосознания и правовой культуры у детей.**



Надо сказать, что работники стальной магистрали профилактики по обеспечению безопасности на железнодорожном транспорте ведется постоянно. Совместно с сотрудниками линейного отдела полиции (ЛОП), транспортной прокуратурой, инспекцией транспортного контроля регулярно проводятся рейды на железнодорожных путях, профилактические беседы с населением. Особое внимание уделяется подрастающему поколению.

И если в течение учебного года такие встречи с несовершеннолетними проходят в виде классных часов в школах, то во время каникул сотрудники ЛОП выезжают в летние лагеря. В частности, с 8 по 12 августа на станции Уральск прошла широкомасштабная акция «Безопасность на транспорте». В ее рамках инспектор отделения административной полиции старший лейтенант полиции Лаура Азизова и старший инспектор отделения административной полиции майор полиции Владимир Федун посетили места организованного отдыха юных горожан. Самым популярным местом загородного отдыха является лагерь городского центра детско-юношеского туризма и экологии «Атамекен».

Детям рассказали о правилах поведения на железной дороге, каковы бывают последствия их нарушений, провели блиц-опрос для проверки усвоения полученной от полицейских информации и раздали ознакомительные буклеты. Профилактическая работа продолжается.

Фото автора



## ЗАВЕТНЫЙ ГРАНТ – НАШ!

Грант на обучение в Сеульском национальном университете науки и технологий (Seoul National University of Science and Technology), входящем в Топ-5 лучших вузов мира, заслуженно получила главный менеджер департамента управления портфелем проектов АО «НК «ҚТЖ» Сауле Алкеева. В течение нескольких лет она упорно шла к этому большому достижению. В этом году прошли отбор на обучение 26 участников из 22 стран.

Напомним, Высшая школа железнодорожного транспорта в Сеульском национальном университете науки и технологий объявила о программе стипендий правительства Кореи для сотрудников зарубежных государственных железных дорог в Сеульский национальный университет науки и технологий на учебную программу, которая будет проходить с сентября 2022 года по август 2023 года.

– Радость я ощутила, когда узнала, что прошла первый отбор. Конечно, до момента прохождения собеседования испытала сильнейший стресс. И вот, когда настал этот момент, я почувствовала, что весь страх исчез. Получив итоги второго этапа, ощутила небывалое счастье, что наконец это сделала. В первую очередь почувствовала безмерную благодарность своим родителям, близким людям и коллегам, а также руководителям компании и нашему департаменту за предоставленную возможность участия в данном отборе, – отметила Сауле Алкеева.

Первая попытка подать документы в Seoul Tech была еще в 2019 году, тогда Сауле Алкеева не смогла пройти предварительное собеседование из-за слабого

английского языка.

– После этого я поставила перед собой цель и решила усиленно работать над улучшением своего английского. Вторая моя попытка была в 2021 году, которая тоже не увенчалась успехом, – рассказывает обладательница гранта.

По ее словам, самое сложное во всем этом процессе – ожидания.

К слову, ранее упорная сотрудница департамента финансов и инвестиционной политики окончила Международный казахско-турецкий университет имени Х. А. Ясауи по специальности «информатика», Таразский технический институт по специальности «экономика».

Полученные ранее знания Сауле Алкеева уже более 13 лет применяет в АО «НК «ҚТЖ». Сейчас главный менеджер департамента управления портфелем проектов занимается формированием и корректировкой плана капитальных вложений группы компаний АО «НК «ҚТЖ» на долгосрочный и среднесрочный периоды.

– Корея буквально за короткий срок добилась выдающихся экономических результатов, в том числе в развитии железных дорог, вырвалась вперед в мировом рейтинге. Уверена, что будет



возможность получить знания, соответствующие мировому уровню, которые смогу применять в нашей компании, – говорит Сауле Алкеева.

Главные цели обучения – ознакомление с последними технологическими разработками в области высокоскоростных железных дорог; изучение политики и управления корейских железных дорог; обмен мнениями по актуальным вопросам, связанным с железнодорожной отраслью; укрепление будущего сотрудничества с Кореей в глобальной сети железных дорог и в области высокоскоростных стальных магистралей.

По словам аналитиков, Республика Корея для нас сейчас – это один из главнейших партнеров не только в азиатском регионе, но и в целом по всему миру. Например, Корея на 4-м месте среди всех торговых партнеров Казахстана.

**Асель ШАЙХЫНОВА,**  
Нур-Султан  
Фото Руслана КАЛИЕВА

## ЖОЛДЫҢ ЖАЙЫН ЖОЛШЫ БІЛЕДІ



Еңбек майданына жол монтері болып кірген Амангелді, міне, отыз жыл осы саланың барлық ыстық-суығын бастан кешіп келеді. Теміржол – талайды шырдаған сала. Оның темірдей тәртібіне бойұсынп, қиындығына шыдай білгендер қарапайым жұмысшыдан сатылай өсіп, басшылық лауазымға көтерілуі – сол адал еңбектің өтеуі.

1993 жылы Алматы темір жол көлігі инженерлері институтын темір жол құрылысы, жол және жол шаруашылығы мамандығы бойынша бітіріп, Ганюшкино жол дистанциясына жұмысқа келген Амангелді Рахмеденов ол кезде 23 жастағы жас жігіт еді. Жұмысты ең төменгі сатыдан бастап, алдымен жол монтері болып істеді, сосын екі жыл жол шебері, аға жол шебері, учаске бастығы болып еңбегі мен тәжірибесіне орай сатылай көтерілді.

Жол шаруашылығының ішкі «кухнясын» толықтай меңгеріп, жүздеген шақырымға созылған темір жолдардың сапасын сақтау, станция аралығын және станцияның ішкі жолдарын күтіп-баптаудың барлық тәсілдерін меңгергенше он шақты жыл өтті.

– Ол кезде көп жұмыстар қолмен жасалады, қазіргідей автобуғатта, электрлендірілген орталық дегендер әлі енгізіле қоймаған. Көп жерлерде ескі рельстер, олардың бір-біріне түйіскен жерлерін уақытында балқытып, теңестіріп отырмаса, пойыздардың жүрісіне де, дүмпу әсерінен жол құрылысына да кері әсерін тигізеді. Күрделі не орташа жөндеуді қажет ететін жол тәлімдері көп болды, жол жөндеу құрал-жабдықтарының жетіспей жататын кездері де аз



емес. Міне, осындай жағдайларды бастан өткізе жүріп жұмыс істедік, – дейді Амангелді Мәдениетұлы.

2002 жылы Ганюшкино жол дистанциясының бас инженері болып тағайындалған тәжірибелі маман, арада тағы жеті жыл өткен соң, 2009-2014 жылдар аралығында дистанция директоры болып бір кездері еңбек жолын бастаған ұжымды басқарды.

Бұл кезде жол жөндеу бойынша машиналар кешені пайдаланылып, технологиялық процесс жетілдіріле бастаған кез. Жол шаруашылығына канадалық Oliver Wyman әдісі енгізіле бастаған тұс. Амангелді Рахмеденов жолшылар

ұжымының басшысы ретінде осы әдістің өндіріске енгізілуіне өз үлесін қосты. Бұл әдістің артықшылығы адам ресурстарына мейлінше аз салмақ түсіріп, басымдылықты техникамен сапалы жұмыс жасауға бөлу болды. Ауыр жүктерді көтеріп түсіруге арналған ЮЖ-562 маркалы кран өндіріске қосылды. Франциялық «Жейсмар» фирмасының қол еңбегін жеңілдететін механикаландырылған рельстескіш, рельстескіш құралдары пайда болды. Жол жөндеушілер үшін таптырмас жабдық, Австриялық техникалар, ДУОМАТ, ДГС, ПБР машиналарымен жүздеген шақырым жол жөндеді. Бөлімше бойынша негізгі бағыттардың бәрінде рельстер жаңаланды. Пойыздар қозғалысы әлдеқайда қауіпсіз де сенімді бола түсті.

2014-2019 жылдары жол ревизоры болып, бөлімшеге қарасты теміржолдың қауіпсіздігі мен күтіміне жауапты болған Амангелді Мәдениетұлы 2020 жылы Атырау магистральдық желі бөлімшесінің бас инженері болып тағайындалып, күні бүгінге дейін жемісті қызметін жалғастырып келеді. Былғыз Көлік қызметкерлері күніне орай саланың мәртебелі марапатына ие болып, «Құрметті теміржолшы» атаңды. **Қосұйым МҰҚАШЕВ,** Атырау *Суретті түсірген автор*

## Акция

### ОТЫЗ БАЛАНЫ ҚУАНТТЫ

Қызылорда магистральдық желі бөлімшесі балаларды мектепке дайындайтын республикалық акцияға үн қосты. Жазғы демалыс мектепке даярлық жұмыстарымен жалғасып, теміржолшылар отбасында қарбалас жүріп жатыр.



Бұрын білім ошағының есігін ашатын бүдiрiшiндi мектепке жинау тек ата-ананың жұмысы болса, қазір бұл шара ұжымдық деңгейде атқарылатын болды. «Мектепке жол» республикалық акциясына теміржолшылар жылда белсене атсалысып, тек өз әріптестеріне ғана қол ұшын созып қоймай, аз қамтылған отбасыларға да көмектесіп келеді. Алғашқылардың қатарында Ажар Ерманова басқаратын Қызылорда магистральдық желі бөлімшесінің кәсіподақ ұйымы отыз балаға сыйлық әзірледі.

– Жыл сайын әріптестеріміздің мектепке баратын балаларына қолдау ретінде берілетін әлеуметтік көмек биыл да жалғасуда. Кәсіподақ ұйымының атсалысуымен 30 балаға мектепке қажетті оқу құралдары толтырылған сумка дайындап, күні кеше бүдiрiшiндiлерге табыс етiп қуанттық. Былтыр да 40 шақты балаға сыйлық жасаған болатынбыз, – деді Магистральдық желі бөлімшесі персоналмен жұмыс бөлімінің маманы Аида Каналиева.

Қызылорда магистральдық желі бөлімшесінің бастығы Ибрагим Басықараевтың қолдауымен және «Аманат» партиясының «Бақытты отбасы» жобасы аясында әлеуметтік көмекке мұқтаж отбасы балаларының тізімі жасақталып, акция тек бір кезеңмен тоқталмай, әрі қарай да жалғасын таппақ.

**Сабыржан СЕЙІЛБЕКҰЛЫ,** Қызылорда *Суретті түсірген автор*

## Спорт

### ТОЧНО В ЦЕЛЬ!

В Павлодаре в Высшем колледже электроники и коммуникаций среди железнодорожников прошел турнир по дартсу, посвященный 30-летию Профсоюза работников железнодорожного, автомобильного, воздушного и водного транспорта.

В турнире приняли участие работники станции Павлодар, ЭЧ-13, ШЧ-24, ШЧ-25, филиала АО «Транстелеком». Для некоторых участников это первый опыт в игре.

– У соперников был любительский уровень. Для меня состоялся дебют, причем весьма успешно. До этого в дартс играл только дома с детьми, обычно увлекаюсь футболом. Играть в дартс очень понравилось, для нас, мужчин, важен соревновательный дух, доказать, что мы сильнее, – с улыбкой говорит старший электромеханик СЦБ ШЧ-24 Дастан Кабдығали.

– В этом году в Павлодарском отделении ТП проводится много спортивных мероприятий, что очень радует, конечно. Наше предприятие – Павлодарская дистанция сигнализации и связи – всегда



принимает активное участие в турнирах по футболу, волейболу.

В итоге первое место занял Дастан Кабдығали, второе – у начальника отдела снабжения филиала АО «Транстелеком» Сержана Шагирова, и тройку лидеров замкнул старший электромеханик ТП ЭЧ-13 Вячеслав Горячев.

– Впервые наше предприятие победило, обычно в других видах спорта занимаем вторые или третьи места. Первых позиций не было никогда. Рад, что смог принести первую победу родному коллективу, – резюмировал Дастан Кабдығали.

**Айдана ЕРТАЙ,** Павлодар *Фото автора*

## ФИНАЛҒА ЖОЛДАМА АЛДЫ

Тамыздың 13-14 күндері батыс аймағы бойынша «Самұрық-Қазына» АҚ компаниялар тобы қызметкерлері арасындағы VII спартакиаданың бірінші іріктеу кезеңі өтті. Сайыста төрт өңірден жиналған спортшылар арасынан суырылып шыққан екі теміржолшы ару финалға жолдама алды.



Іріктеу жарысына түбегейлі теміржол мекемелерінен қырық адам қатысты. Оның ішінде жүк тасымалы мен магистральдық желі бөлімшесінен, «Вагонсервис» және «Қазтеміртранс» компанияларының жергілікті филиалдарынан теміржолшылар бар. Барлығы үш футбол командасы, бір волейболшылар тобы, үстел теннисінен екі, тоғызқұмалақтан бір, шахматтан үш, стрейтболдан төрт адам жарыс жолына түсті.


– Үстел теннисін өте шебер меңгерген «Қазтеміртранс» мекемесінің қызметкері Салтанат Иманғалиеваға тен келер ойыншы табылмады. Барлық қарсыластарын ойсырата ұтқан теміржолшы ару бірінші орынды иемденді. Ал ұлттық ойын тоғызқұмалақтан Маңғыстау станциясының еңбекті қорғау инженері Айгүл Аяпова шеберлігін көрсетті. Қарсыласының біреуінен бірнеше ғана ұпай аз жинап, екінші орынды алғаны болмаса, құмалақтардың бәрін ақылмен сырғытып, өте жақсы

ойын үлгісімен көрерменін тәнті етті. Екі қызымыз да қыркүйек айында елордада өтетін суперфиналға жолдама алып, бәрімізді қуантып отыр, – дейді Маңғыстау темір жолының спорт нұсқаушысы Нұрайна Қыдырова.

**Шахидә ЖҰМАН,** Маңғыстау *Суретті түсірген автор*

## НА ОЧЕРЕДИ СЕВЕРНЫЕ РЕГИОНЫ

Врачи медицинского поезда «Саламатты Қазақстан» начали прием жителей Северно-Казахстанской и Акмолинской областей.



«Мобильная больница» приступила к приему жителей со станции в СКО Еркеншилик с 17 августа и далее последует на станции Даут, Талшык, Карагай, Первая Целинная, Кайранкуль. Затем состав отправится на станции Акмолинской области – Сарыоба, Ельтай, Октябрь, Аши-Голь, Кызылту, Аксуат, Пресногорьковская, Красивый-Казахский, Жаксы, Адыр.

Специалисты медпоезда продолжают принимать и обследовать жителей отдаленных станций регионов Казахстана. С 31 июля по 16 августа медпоезд посетил Павлодарскую область, приняв жителей 9 станций. За две недели пребывания в области специалисты консультативно-диагностического поезда осмотрели 1 592 жителей, в том числе 173 детей, 1 319 взрослых. Больше всего обращений поступило к врачу общей практики, терапевту и педиатру – 1 104 человека, далее хирургу – 1 030, а также офтальмологу – 824. Всего в кабинетах медпоезда проведено 778 процедур.

– К нам на прием пришла жительница станции Маралды Сергазинова Гульжихан Айткалиевна 1975 года рождения. В ходе обследования флюорографии выявилось, что у нее очень редкий диагноз – «декстрокardia», что предполагает расположение сердца в правой части. В таком случае как таковое лечение не можем назначить, но об этом пациентка впервые узнала во время обследования у нас, – рассказал руководитель медпоезда Аман Касенов.

Жители Павлодарской области благодарят специалистов медпоезда за оказанные услуги.

– В Жұмыскере каждый житель – и молодежь, и пожилое население – смогли обследоваться у различных специалистов. Особая благодарность Сейтжану Дауылбаевичу, медсестре Акмарал, а также специалисту УЗИ, – поделилась впечатлениями после посещения медпоезда жительница этого разъезда Тулкина Гульжанат.

После визита в Акмолинскую и Северо-Казахстанскую области медпоезд продолжит свой путь по станциям Костанайской, Карагандинской, Улытауской областей.

Актуальная информация о графиком передвижения обих медицинских поездов доступна на официальном сайте проекта: [www.medpoezd.kz](http://www.medpoezd.kz), на странице в Instagram: @medpoezd.kz.

**Руслана РАХМЕТОВ** *Фото автора*

**ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ**

Бас редактор  
**Дина Муздубаева**

Бас редактордың орынбасары  
**Меруерт Өмірзақова**

**Газет басылатын қалалар:**  
Нур-Султан, Сілеті 30  
«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС  
Ақтөбе, Смағұлов көш., 9/2.  
«Хабар-Сервис» ЖШС  
Шымкент, Әлімқұлов көш., 22.  
«ERNUR Print» ЖШС

**Басылымның таралымы 11 340**

**Газет сейсенбі, жұма күндері шығады.**

Газет шығару және тарату қызметімен «Қазақстандық салалық теміржол,

автомобиль, әуе және су көлігі қызметкерлерінің кәсіби одағы» қоғамдық бірлестігі айналысады. © «Қазақстан теміржолшысы» газетінде жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдел басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап бермейді.

**Кезекші редакторлар:**  
Р. Рахметов, Р. Рахметова

**Меншікті тілшілер:**

**Алматы:** Елена Қолдасбаева 8-701-794-98-80  
**Атырау:** Қосұйым Мұқашев 8-778-946-09-66  
**Шығыс Қазақстан:** Ольга Ушакова 8-777-203-51-87  
**Маңғыстау:** Шахидә Жұманова 8-707-886-72-45  
**Орал:** Анна Панищева 8-707-910-74-17  
**Қызылорда:** Сабыржан Нәдірбаев 8-778-409-78-59  
**Семей:** Қуаныш Қожаев 8-775-710-70-53  
**Жамбыл:** Ерман Абдиев 8-777-682-70-73  
**Қарағанды:** Светлана Могай 8-777-893-66-76  
**Қостанай:** Аслан Құдабаев 8-705-267-44-00  
**Павлодар:** Айдана Ертай 8-747-535-21-58  
**Ақтөбе:** Ардақ Ерубеева 8-702-843-27-97

Редакцияның мекен-жайы:  
Нур-Султан қ., Д.Қонаев көшесі 6.  
тел.: 8 (7172) 60-44-87, 60-44-88, 60-44-92

**Газетті тарату жөніндегі менеджер**  
**Асель Распаева,**  
тел.: 8 775 198 15 61,  
e-mail: [raspayeva.assel@mail.ru](mailto:raspayeva.assel@mail.ru)

Қазақстан Республикасы Баспасөз және бұқаралық ақпарат ісі жөніндегі Ұлттық агенттігінде тіркеліп, 1997 жылдың 30 шілдесінде №601 тіркеу күәлігі берілді.